



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2024 ж.

"Самрук-Энерго" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде қызмет ететін _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, _____, негізінде қызмет ететін _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Терминдер және анықтамалар

1.1. Шарттағы төменде келтірілген ұғымдар мынадай мағыналарға ие:

- 1.1.1. «Қызметтер» - Шартқа № 1 және № 2 қосымшаларға сәйкес ақпараттық жүйені сүйемелдеу және техникалық қолдау жөніндегі қызметтер;
- 1.1.2. «Шарттың жалпы сомасы» – Тапсырыс берушінің осы Шарт шеңберінде және талаптары бойынша Орындаушыға төлеуі тиіс сома;
- 1.1.3. «елішілік құндылық (жергілікті қамту)» – осы шарт бойынша еңбекақы төлеудің жалпы қорынан сатып алу туралы шартты орындауға тартылған Қазақстан Республикасы азаматтарына еңбекақы төлеу құнының және (немесе) сатып алу туралы шарт бойынша тауардың (тауарлардың) жалпы құнынан Қазақстан Республикасы резиденттерінің жеткілікті қайта өңдеу немесе толық өндіру өлшемдеріне сәйкес тауарда (тауарларда) белгіленген жергілікті жерде өндірілу үлесі (үлестер) құнының пайыздық қамтылуы.
- 1.1.4. «Қор» - «Самұрық -Энерго» АҚ;
- 1.1.5. «Қордың сатып алу жөніндегі операторы» - Қор Басқармасы белгілеген заңды тұлға;
- 1.1.6. «Сатып алу веб-порталы (Жүйе)» – «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Тәртіпке сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ-ның электрондық сатып алуды өткізетін ақпараттық жүйесі.
- 1.1.7. «Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесі» – сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) туралы жүйелендірілген мәліметтер.

2. Шарттың мәні

2.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2.2. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда көзделген талаптар Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 2.2.1. осы Шарт;
- 2.2.2. Қызмет құнын есептеу, Қызмет көрсету мерзімі (Шартқа №1 қосымша);
- 2.2.3. техникалық ерекшелік (Шартқа №2 қосымша);
- 2.2.4. Елішіндегі құндылық үлесін есептеу нысаны (Шартқа №3 қосымша);
- 2.2.5. көрсетілген Қызметтер актісінің нысаны (Шартқа №4 қосымша);
- 2.2.6. контрагент сауалнамасының нысаны (Шартқа №5 қосымша).
- 2.2.7. контрагенттің әлеуметтік, экологиялық нормалар мен заңнаманы сақтауға арналған сауалнамасының нысаны (Шартқа № 6 қосымша).

3. Шарттың құны және төлеу шарттары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.





3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

3.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

3.3.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес келетін нақты көрсетілген Қызмет үшін төлем алдындағы құжаттар негізінде төлем жасайды.

3.3.2. Төлем қызмет көрсетілген әрбір күнтізбелік ай үшін жүргізіледі;

3.3.3. Тапсырыс беруші Қызметтерді тараптармен келісілген прејскурант (тариф, прайс-парақ, каталог және т. б.) бойынша төлейді;

3.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

3.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады;

3.4.2. Шот-фактура;

3.4.3. Төлем шоты;

3.4.4. Қызметтердің техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар;

3.5. Орындаушы көрсетілген Қызметтер актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Жүйе арқылы жібереді. Жүйеде көрсетілген Қызметтер актісін (актілерін) электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

3.6. Сондай-ақ Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісін Тапсырыс берушіге Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдағышта қолма-қол жібереді.

3.7. Шарт бойынша төлем Орындаушының банктік шотына ақша аудару арқылы теңгемен жүзеге асырылады.

3.8. Орындаушының осы Шартқа сәйкес төлем алдындағы құжаттарды уақтылы ұсынбауы Тапсырыс берушіні Шарт бойынша уақтылы ақы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3.9. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаннан кейін Тараптар өзара талаптардың жоқтығы туралы Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды.

4. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

4.1. Орындаушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін күшінде болу мерзімімен Шарттың жалпы сомасының 3% (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ететін қаржыны енгізуге міндетті.

4.2. Орындаушы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:


4.2.1. Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

4.2.2. Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нысан бойынша банктік кепілдік.

4.3. Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну мерзімі өткенге дейін Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайды қоспағанда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен Шартты бұзады. Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген Орындаушы туралы мәліметтерді Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне осындай өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін Қордың сатып алу жөніндегі операторына жібереді.

4.4. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету қаражатын Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қайтарады.

4.5. Орындаушы шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан оның шарттық міндеттемелерді орындауын бұзғаны үшін Орындаушыға есептелген айыппұлдың (өсімпұлдың) сомасын ұстап қалуға құқылы. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің қалған сомасы Орындаушыға ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған, сондай-ақ ол сатып алу туралы Шарт талаптарының бұзушылықтарына жол берілген және оларды жоюға ықтимал бұзушылықтарды жойған (осындай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оны Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізбестен қайтарылады. Бұл





ретте, Орындаушы айыппұл санкцияларын Тапсырыс беруші сотқа талап-арыз бергенге дейін толық төлеген жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын ұстамайды және Орындаушы Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді.

4.6. Тапсырыс берушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын ұстап қалуы Тапсырыс берушінің Орындаушыдан өзге де айыппұл санкцияларын, (пеня) залалдарды өндіріп алуды талап ету құқығын тоқтатпайды.

5. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

5.1. Орындаушы Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес Қызмет мерзімі, орны, саны және сапасы бойынша қызмет көрсетуге міндетті. Тапсырыс беруші мен Орындаушының арасында Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі.

6. Тараптардың құқықтары және міндеттері

6.1. Орындаушы міндеттенеді:

6.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

6.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын Шарттың жалпы құнының 3 %-ы мөлшерінде кепілді ақшалай жарна немесе банк кепілдігі түрінде енгізуге

6.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

6.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесінің есебі (жүйеде ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

6.1.3.2. төлем жасау алдындағы өзге де құжаттар.

6.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің өнім берушінің көрсетілетін Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

6.1.5. Шарт жасалған күннен бастап 15 күнгізібелік күн ішінде Шартқа № 5 және № 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат беруге;

6.1.6. Қызметтерді қабылдау процесінде Қызметтердің сапасын және Қызметтердің Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға;

6.1.7. Қызмет көрсетуге қатысты кез келген болжамды өзгерістер мен толықтырулар туралы Тапсырыс берушіні уақтылы хабардар етуге және онымен келісуге, Тапсырыс берушіге ықтимал қолайсыз салдарлар, сондай-ақ тиісті Қызмет көрсетуге қауіп төндіретін не мерзімінде Қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейтін өзге де мән-жайлар туралы ескертуге;

6.1.8. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген талаптарды сақтай отырып, Қызмет көрсетуге;

6.1.9. Қызметтерді қабылдау кезінде Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің кемшіліктерін өз есебінен уақтылы жоюға;

6.1.10. егер кепілді мерзім ішінде қызметтердің кемшіліктері анықталған не қызметтердің шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің жазбаша талабында көзделген мерзімде анықталған кемшіліктерді, сәйкессіздіктерді өз күшімен және өз есебінен жоюға және/немесе қызметтердің кемшіліктерін, сәйкессіздіктерін жоюға шеккен Тапсырыс берушінің шығыстарын өтеуге міндеттенеді


6.1.11. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, адам құқықтары, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы регламенттеуші құжаттарға сәйкес Қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге

6.1.12. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші алдында толық жауапты болуға;

6.1.13. Мүдделер қақтығысына қатысты жайттарды қоса алғанда, Шарт бойынша барлық кепілдіктер мен куәліктерді бұзу нәтижесінде, сондай-ақ басқа да заңсыз іс-әрекеттермен қоса, Тапсырыс берушінің Шарт талаптарының тиісінше орындалмауынан туындаған барлық келтірілген залалдарын өтеуге.

6.1.14. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау аяқталғаннан кейін қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісін ұсынуға;

6.1.15. Тапсырыс берушіге Орындаушының, оның ішінде Шартты орындауға тікелей бағытталмаған іс-әрекеттердің немесе әрекетсіздіктің нәтижесінде туындауы мүмкін залалды (зиянды) келтіруге жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға;





6.1.16. Шарт бойынша түпкілікті пайда алушының актісінде көрсетуге (Тапсырыс беруші / Тапсырыс берушінің еншілес және тәуелді ұйымдары) міндеттенеді;

6.1.17. Мердігерді тәуекел деңгейі жоғары салық төлеушілерге жатқызуға байланысты салық органдарының ескертпесін/хабарламасын алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

6.1.17.1. Орындаушының: Орындаушыны жоғары тәуекел деңгейі санатына жатқызу себептерін түсіндіру туралы сұрау салынған хаттың көшірмесін; жоғарыда көрсетілген сұрау салуға салық органдары жауабының көшірмесін (Тапсырыс берушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде); Орындаушы өтініш жасаған кезде тәуекелдің жоғары деңгейі расталмаған жағдайда, тәуекел деңгейінің төмендеуін растауды қамтитын хатын салық органдарына (жүйелік қате); Орындаушы Тапсырыс берушімен Шарт бойынша табысты жылдық жиынтық табысқа КТС бойынша декларацияға және тиісті салық кезеңінде ҚҚС бойынша декларацияда КТС бойынша салық салынатын айналымға енгізгенін растауды қамтитын хаты;

6.1.17.2. қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

6.1.17.3. салықтар бойынша берешектің жоқ екендігі туралы анықтама;

6.1.17.4. ҚҚС бойынша декларацияның көшірмесі (шарт бойынша қызмет көрсету кезеңінде);

6.1.17.5. штаттық кестесі, негізгі мамандар түйіндемесі, дипломдардың, сертификаттардың көшірмелері, еңбек жөніндегі статистикалық есептіліктің көшірмелері немесе маманмен жасалған азаматтық-құқықтық шарт немесе кадр агенттігімен персоналды уақытша ұсыну туралы шарт (шарт бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыру кезеңі үшін);

6.1.17.6. Орындаушының бухгалтерлік балансы (шарт бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру кезеңі үшін);

6.1.17.7. құқық белгілейтін құжаттардың және/немесе жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы анықтаманың не жабдықты, техниканы жалға алу шартының көшірмесі (шарт бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру кезеңі үшін);

6.1.17.8. Тапсырыс берушіге Қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын тауарларды сатып алу тәсілін растайтын құжаттардың (шот-фактуралар мен жүкқұжаттар, кедендік декларациялар) көшірмесі;

6.1.17.9. Тапсырыс берушімен шарт бойынша қызмет көрсетуге қатысты хабарлауына/салық органдарының хабарламасына Орындаушы жауабының көшірмесі, егер мұндай хабарламаны салық органдары Орындаушының мекенжайына жіберген болса.

6.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

6.2.1. Орындаушы көрсеткен қызметтерді шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

6.2.2. Наразылықтар болмаған жағдайда көрсетілген Қызметтер актісіне Орындаушыдан оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

6.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға;

6.2.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілген сомасын Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

6.3. Орындаушы құқылы:

6.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге;

6.3.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақытылы қабылдауды және көрсетілген Қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге.

6.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тапсырыста және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

6.3.4. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы;

6.4. Тапсырыс беруші құқылы:

6.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен сан қызметтерін алуға;

6.4.2. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен Шарт құнының тиісінше азаюымен бас тартуға;

6.4.3. Тапсырыста және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға.

6.4.4. Орындаушыдан қойылған өсімақы, айыппұл және залалдар сомасын төлеуді талап етуге;





6.4.5. қабылдау кезінде анықталған кемшіліктерді, қызметтердің сәйкессіздігін жоюды талап етуге;

6.4.6. Көрсетілген қызметтер үшін Орындаушымен есеп айырысу кезінде немесе Шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз ету сомасынан осы Шарт бойынша Орындаушыға салынған айыппұлдар, тұрақсыздық айыптарының, өсімпұлдардың сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға;

6.4.7. Орындаушының іс-әрекеті/әрекетсіздігі нәтижесінде Тапсырыс беруші шеккен залалдарды Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге;

6.4.8. шартта белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Орындаушыға анықталған кемшіліктерді, көрсетілген қызметтердің сәйкессіздіктерін жою туралы және/немесе Тапсырыс берушінің жазбаша талабында көзделген мерзімдерде көрсетілген қызметтердің кемшіліктерін, сәйкессіздіктерін жоюға шеккен шығыстарын өтеу туралы талаптар қойылсын;

6.4.9. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтерді қабылдаудан бас тартуға құқылы.

7. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

7.1. Орындаушы Шартта белгіленген мерзімде Шартқа сәйкес қызметтерді көрсетеді.

7.2. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді олардың Шарт талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеруге міндетті.

7.3. Көрсетілген қызметтерді Тараптардың өкілдері қабылдайды.

7.4. Қызметтерге шағымдар болмаған жағдайда Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қою арқылы Қызметтерді қабылдайды.

7.5. Көрсетілген қызметтерге қойылатын шағым Тапсырыс беруші қызметтер қабылдауға ұсынылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады.

7.6. Егер Орындаушы шағымды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Орындаушы таныды деп саналады және Орындаушы өз тәуекелдері мен шығыстары есебінен шағымды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктерді жоюға, содан кейін қызметтерді қабылдауға қайта ұсынуға міндеттенеді.

7.7. Егер Тапсырыс беруші Қызметтер көрсетілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қызметтерге қатысты шағым жібермесе, Қызметтер қабылданды деп есептеледі және Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға міндетті.

8. Кепілдіктер және Сапа

8.1. Орындаушы көрсетілетін қызметтердің сапасына және олардың Қызметтерге қолданылатын талаптарға сәйкестігіне кепілдік береді.

8.2. Орындаушы көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 айда белгіленген кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік береді.

8.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде көрсетілетін қызметтердің кемшіліктері анықталған не көрсетілетін қызметтердің шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің жазбаша талабында көзделген мерзімдерде Тапсырыс берушінің қалауы бойынша өз күшімен және өз есебінен көрсетілетін қызметтердің кемшіліктерін, сәйкессіздіктерін жоюға немесе Тапсырыс берушінің көрсетілетін қызметтердің сәйкессіздіктерін жоюға жұмсаған шығыстарын өтеуге міндеттенеді;

8.4. Орындаушы кепілдік міндеттемелерді орындауды кешіктірген жағдайда кепілдік мерзімін тиісті уақыт кезеңіне ұзартады.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.2. Орындаушының жауапкершілігі:

9.2.1. Орындаушы Шартта ескерілген Қызметтерді көрсету мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы көрсетілмеген Қызметтер құнының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

9.2.2. Көрсетілетін қызметтерді қабылдау кезінде немесе кепілдік мерзімі шеңберінде анықталған кемшіліктерді, көрсетілетін қызметтердің сәйкессіздіктерін жою мерзімін бұзғаны үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

9.2.3. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;





9.2.4. Шартқа № 5 және № 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Контрагент сауалнамасын ұсыну мерзімдері бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті. Тұрақсыздық айыбын төлеу Орындаушыны Тапсырыс берушіге Контрагент сауалнамасын ұсынудан босатпайды.

9.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.3.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

9.3.2. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген Қызметтер актісі сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

9.3.3. Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін қамтамасыз ету сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

9.3.4. Орындаушы ұсынған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару негізсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс

9.4. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Қорының Сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін белгіленген тәртіппен Сатып алу жөніндегі Қордың Операторына ақпарат жібереді.

9.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.6. Тапсырыс беруші төлеген аванстың (алдын ала төлемнің) кем сомасына нақты көрсетілген қызмет кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін Орындаушыға есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

9.8. Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі айыппұлдар (тұрақсыздық айыбы, өсімпұл) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

10.3. Шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөліктері болып табылады және егер олар жазбаша нысанда ресімделсе және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойса, жарамды болады.

10.4. Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша Шартты бұзу туралы келісім жасасу арқылы бұзылуы мүмкін, онда Шартты бұзу күні, күші жойылған міндеттемелердің көлемі және өзге де талаптар көрсетіледі.

10.5. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:


10.5.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;

10.5.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

10.5.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

10.5.4. Тапсырыс беруші консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы анық емес Ақпарат және/немесе жалған мәліметтер ұсынуы анықталған жағдайларда жүзеге асырылады;

10.5.5. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;





10.5.6. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

10.5.7. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда тоқтатылады.

10.6. Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шарт бұзылған кезде Орындаушыға Шартты бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар.

10.7. Егер Шарт Тапсырыс берушінің Орындаушысының кінәсінен бұзылған жағдайда Орындаушыдан келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

10.8. Шартты бұзған кезде Орындаушы қызмет көрсетуді дереу тоқтатуға және Шартты бұзу күніне орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана ақы төлеу алдындағы құжаттарды ұсынуға міндетті.

10.9. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасасқан шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға шартты бұзу күніне оның нақты шыққан шығындарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

11. Хат-хабар

11.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктіріусіз жүзеге асырылады.

11.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

11.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

11.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

11.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

12. Шарттың мерзімі

12.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 31.12.2025 ж дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

13. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)


13.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

13.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

14. Дауларды шешу тәртібі

14.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

14.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.





15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

15.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.7. Орындаушы Шартқа № 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзінің үлестес тұлғалары, түпкі бенефициарлары және Шартты орындау үшін тартылатын қосалқы мердігерлік ұйымдар туралы ақпаратты ашуға міндетті. Орындаушы ұсынылатын мәліметтердің анықтығы мен өзектілігіне кепілдік береді. Осы кепілдік бұзылған жағдайда Орындаушы мұндай бұзушылық Тапсырыс берушіні үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершіліктен толығымен босататындығымен келіседі және Орындаушы Тапсырыс беруші шеккен барлық шығыстар, шығындар, залалдар, өзге де залалдар үшін жауапты болады.

16. Құпиялылық

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың нысанасына жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

16.2. ИМердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

17. Санкциялық ескертпе

17.1. Тараптар осы Шартты Орындаушының кепілдіктері негізінде және мұндайларға адал арқа сүйей отырып жасасады. Орындаушы мыналарға кепілдік береді:

17.1.1. Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері/қатысушылары да Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) Sdn (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (non-SDN Menu-Based sanctions List) Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury), ондай-ақ





эксаумактық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімге енгізілмеген;

17.1.2. Шарт жасасу және/немесе Орындаушының оны орындауы осы тармақта көрсетілген санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайды;

17.1.3. Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болатын күні және осы Шартқа сәйкес оны нақты орындау күніне дейін – осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын Орындаушының шоттары, оның ішінде меншікті және корреспонденттік шоттары ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын, оларға қатысты активтерді тоқтату режимі жұмыс істейтін (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі Басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the office of Financial sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (Foreign Financial Institutions list of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) әкімшілік ететін NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың, жиынтық тізбесіне енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде болады;

17.1.4. Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN-ке (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA-ға (List of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) әкімшілік ететін NS-MBS-ке (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ эксаумактық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізіміне енгізілмеген.

17.2. егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл болмай шықса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушының осындай кепілдігінің нәтижесінде немесе дұрыс емес немесе анық болмауына байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы

17.3. Егер Шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне орай қолданыстағы Санкциялық актінің («Жаңа санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе, онда Тарап жаңа санкциялар қабылданған сәттен бастап 15 күн ішінде (осы бөлімде көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) екінші Тарапты дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді, ресми растайтын және егер мұндай Жаңа санкциялар болса, осы санкциялардың оған әсері туралы құжаттарды қоса бере отырып:

17.3.1. осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауы мүмкін болмайтын етуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін;

17.3.2. Тараптар үшін қаржыландыру көздеріне және (немесе) тікелей және/немесе жанама залалдарға ұзақ уақыт қол жеткізу мүмкіндігінің болмауына әкелді немесе әкеп соғуы мүмкін (олардың орынды қорытындысы бойынша);

17.3.3. Қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін;


17.3.4. Қандай да бір Тараптың маңызды кредиттік шарттарында қамтылған қандай да бір Тараптың оларды сақтау мүмкін емес немесе Жаңа санкциялар арқылы елеулі түрде қиындық келтіретін міндеттемелерінің (ковенанттарының) бұзылуына әкеп соғады;

17.3.5. Тараптардың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқты немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған осындай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа санкциялардың салдары»).

17.4. Санкциялар туралы хабарлама берілген күннен бастап 15 күннен кешіктірмей Тараптар осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына Жаңа санкциялардың тигізетін әлеуетті әсеріне қатысты, сондай-ақ Жаңа санкциялардың осындай теріс әсерін болдырмау немесе ықтимал азайту жөніндегі мүмкін болатын заңды және орынды шаралар туралы өз позицияларын адал талқылау және келісу үшін кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді, осы Шартқа өзгерістер енгізуді қоса алғанда, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органнан рұқсаттар/лицензиялар алу («Адал келіссөздер»).

17.5. Тараптар жүргізілген Адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар 30 күн ішінде олармен келісілген шараларды іске асыру үшін немесе олармен келісілген өзге мерзімде орынды күш-жігер жұмсайды, Жаңа санкциялардың бұзылуын болдырмауға немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауға қолдануына мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

17.6. Адал келіссөздердің бірінші күнін өткізген соң 30 күн өткеннен кейін Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты туындаған Тарапқа Жаңа санкциялардың салдарларына әкеп





соққан («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізбегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тараптар Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

18. Басқа шарттар

18.1. Шарт әрбір Тарап үшін заңдық күші бірдей 2 (екі) дана етіп, әрқайсысына 1 (бір) данадан ресімделді.

18.2. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа мыналарға:

18.2.1. Осы Шартты жасау және орындау оның корпоративтік өкілеттігі шеңберінде болатынына және тиісті түрде барлық қажетті корпоративтік шешімдермен ресімделгеніне, оның құрылтай, сондай-ақ басқа да ішкі құжаттарына қайшы келмейтініне және бұзбайтынына;

18.2.2. Тарап өзіне белгілі болғанындай, өзіне қарсы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау қабілетіне елеулі әсер етуі мүмкін ешқандай сот талқылауы жүргізілмейтініне;

18.2.3. Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін қандай да бір келісім, шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзбайтынына кепілдік береді.

18.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

18.4. Тараптардың ешқайсысы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тарапқа беруге құқылы емес.

18.5. Шарт орыс және қазақ тілдерінде жасалды. Шарттың орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндері әртүрлі оқылған жағдайда, орыс тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.


18.6. Деректемелер өзгерген жағдайда Тараптар барлық өзгерістер туралы бірін-бірі үш күн мерзімде хабардар етуге және оларды Шартқа қосымша келісімге қол қою арқылы ресімдеуге міндетті. Әйтпесе, кінәлі Тарап шығын шегеді.

19. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Самрук-Энерго" АҚ
Астана қ., Қабанбай батыр, 15А, 304
BSN 070540008194
BSK HSBKKZKX
ЖСК KZ216010131000078623
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (717) 269-2423

BSN _____
BSK _____
ЖСК _____

Тел.: _____






Шарттың №1
қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
10 У	Бағдарламалық жасақтама қолдану құқығына лицензия ұсыну бойынша қызмет көрсетулер, Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану құқығына лицензия беру бойынша қызметтер	Office 365 (Power BI-мен)"ақпараттық жүйесін сүйемелдеу және техникалық қолдау жөніндегі қызметтер	1.000	1.000	-		203 000	ҚАЗАҚСТАН, Астана қ., пр.Кабанбай Батыра 15А, Блок Б	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.






Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ p/c	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты , теңгемен	Шартта елішілік құндылықты , %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

- Шарт бойынша контрагент немесе оның жеткізушілері бола алатын тауардың Жеткізушісін көрсету қажет.
- Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>
- СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
- СТ-KZ сертификатының сериясы.
- СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
- СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
- СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
- СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең
- Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.






Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15$ (кесте 1)+ $\sum 8$ (кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке услуг № _____

г. _____

«__» _____ 2024 г.

АО "Самрук-Энерго", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок), и на основании _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

1. Термины и определения

1.1. В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующие определения:

1.1.1. «Услуги» - _____, соответствующие Приложениям № 1 и № 2 к Договору;

1.1.2. «общая сумма Договора» – сумма, которая должна быть выплачена Заказчиком Исполнителю в рамках и на условиях настоящего Договора;

